

## Маңызды стратегиялық мәні бар мемлекеттік сатып алу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 18 қарашадағы N 1137 Қаулысы

"Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 16 мамырдағы Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Корея Республикасының Әскери-теңіз күштері сатып алудың маңызды стратегиялық мәні бар тауарлар - РКМ (Petrol Killig Medium) жоғары жылдамдықты 33 метрлік патрульдік катерлердің үш бірлігін беруші болып белгіленсін.

2. Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) 2006 жылға арналған республикалық бюджетте көзделген қаражат шегінде осы қаулының 1-тармағында көрсетілген заңды тұлғамен тауарларды мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасасуды;

2) тауарларды мемлекеттік сатып алу үшін осы қаулыға сәйкес пайдаланылатын ақшаны оңтайлы және тиімді жұмсау қағидатын сақтауды;

3) осы қаулыдан туындайтын өзге де шараларды қабылдауды қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі аумақтық (ішкі) сулары арқылы өткізу жоспарланып отырған шет мемлекеттермен үш патрульдік катердің транзиттік өту мәселелерін келіссін.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Премьер-Министрі*